



QARAJANBAS

№7 • ШІЛДЕ • 2023



«ҚАРАЖАНБАСМҰНАЙ» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰҚ АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ӨМІРЛІК МАҢЫЗДЫ ҚАҒИДАЛАР

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

«Өмірлік маңызды қағидалар» - бұл өндірістік қауіптерді болдырмаудың қарапайым, барлығына түсінікті және сенімді әдісі. Бұл ережелерді «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ компаниялар тобының барлық қызметкерлері мен біздің мердігерлік ұйымдарымыз сақтауы міндетті. Сәтті болғысы келетін компания өз қызметкерлеріне сеніп, осы қарапайым қағидаларды сақтауы қажет.

«Өмірлік маңызды қағидалар»-мен жүру – ең маңызды нәрсе – адам өмірін сақтап қалу болып табылады.

Біздің барлық қызметкерлеріміз, басшыларымыз, соның ішінде мердігерлік ұйымдар бұл мәселеде жауапкершілік танытады және осы қағидаларды сақтайды деп сенемін. Жұмысшылардың қауіпсіздігі әрқашан біздің маңызды басымдықтарымыздың бірі болып қала береді. Айта кету керек, «өмірлік маңызды қағидаларды» сақтамағанымыз үшін бәріміз дербес жауаптымыз.

Егер, жұмыстарды орындау өндірістік қауіпсіздік талаптарын бұзуға әкеп соқтырса және сіздің өміріңізге және денсаулығыңызға немесе айналаңыздағы адамдарға қауіп төндірсе, Сіздің оларды орындаудан бас тартуға құқығыңыз бар және міндеттісіз. Барлық деңгейдегі басшылар өндірістік объектілерге барған және аудит жүргізген кезде қызметкерлердің «өмірлік маңызды қағидаларды» сақтауына тексеру жүргізу қажет.

Сіздің өміріңіз бен денсаулығыңыз ең үлкен құндылық және көбінесе өз қауіпсіздігіңізге арналған саналы көзқарасыңызға байланысты болып табылады.

«ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ Басқарма төрағасы

Мырзағалиев М.



ҚОРҒАНЫШ ЖҮЙЕЛЕРІН АЖЫРАТУ



ТҮЙІК КЕҢІСТІКТЕ ЖҮМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ



КӨЛК ҚҰРАЛДАРЫН ҚАУІПСІЗ ЖҮРГІЗУ



ҚҰАТ КӨЗДЕРІН ОҚШАУЛАУ



ОТ ЖҮМЫСТАРЫ



ҚАУІПТІ АЙМАҚ



ЖҮК КӨТЕРУ ЖҮМЫСТАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ



ҚАУІПТІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖҮМЫСТЫ ЖҮРГІЗУГЕ НАРҚА-РҰҚСАТ



БИҒІКТЕГІ ЖҮМЫС

ҚОРҒАНЫШ ЖҮЙЕЛЕРІН АЖЫРАТУ

Қорғаныш жабдығын бұзатын немесе ажырату алаңда рұқсат алу қажет.

- Мен орындайтын тапсырмаға қатысты қауіпсіздік үшін қажетті жабдықтың мен процедураларды қолданамын.
- Мен:
 - қорғаныш жабдығын бұзатын немесе ажырату
 - белгіленген рәсімдерден ауытқу
 - қорғаныш жабдығы мен алу алдында рұқсат аламын.

ТҮЙІК КЕҢІСТІКТЕ ЖҮМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ

Түйік кеңістікке кіреді алдында рұқсат алыңыз.

- Мен энергия көздерінің оқшауланғанына растаймын.
- Мен түйік кеңістіктегі атмосфера тазалығын, бейнегіштілігін растаймын.
- Қорғаныш болған жағдайда тыныс алу аппаратын тексеріп, қолданамын.
- Мен жұмысты орындағанда қажетті-қажетсізін анықтайтын растаймын.
- Мен тегіс және жағдайды іс-шаралардың бір екендігін растаймын.
- Мен кіреді алдында рұқсат аламын.

КӨЛК ҚҰРАЛДАРЫН ҚАУІПСІЗ ЖҮРГІЗУ

Қауіпсіз жүргізу қағидаларын сақтаймын.

- Мен арқан қауіпсіздік белгісіне таянып алмаймын.
- Мен белгіленген жылдамдық шегімен аламын және оны мойн жағдайына-на сәйкес қайтамын.
- Мен көлік жүргізгенде телефондарды немесе басқа құрылғыларды пайдаланбаймын.
- Мен жолға шығар алдында демалып алдым және көлік жүргізгенде мұқияттықпен жүредім.
- Мен сапарларымды басқару талаптарын орындаймын.

ҚҰАТ КӨЗДЕРІН ОҚШАУЛАУ

Жұмысты бастамас бұрын энергия көздерін оқшаулауың және қорғаныш жабдығын тексерің.

- Мен барлық энергия көздерін аман-андем.
- Мен барлық қауіпті энергия көздерін оқшаулауыңмен, қорғаныш жабдығын қолдануыңмен және тиісті таңбалармен қамтамасыз етілуіңді растаймын.
- Мен қорғаныш жабдығын тексеріп аламын және қажетті кезеңде жабдықтың анықталғанын растаймын.

ОТ ЖҮМЫСТАРЫ

Оқшау тұлғаның дұрыс және тұрақты қолдануына растаймын.

- Мен от көздерін оқшаулап, бөліп алмаймын.
- Қауіпті аймақта от жұмыстарын бастар алдында:
 - Мен оқшау тұлғаның дұрыс және тұрақты қолдануына растаймын.
 - Мен жұмыстарды орындауға рұқсат аламын.
- Қауіпті аймақта от жұмыстарын бастар алдында:
 - Мен оқшау тұлғаның дұрыс және тұрақты қолдануына растаймын.
 - Мен жұмыстарды орындауға рұқсат аламын.

ҚАУІПТІ АЙМАҚ

Қауіпті аймақта кіреңіз және оған басқа адамдардың кіруін жол бермеңіз.

- Мен арқанмен жергілікті:
 - қажетті объектілерден
 - көлік құралдарымен
 - қажетті объектілерден
 - қажетті объектілерден алып бармаймын.
- Мен арқанмен тасымалдау мен қорғаныш жабдығын қолдануына растаймын және оқшау тұлғаның дұрыс және тұрақты қолдануына растаймын.
- Мен белгіленген заттарды бөліп алуға рұқсат жоқ және заттардың құлау қаупі туралы хабарлаймын.

ЖҮК КӨТЕРУ ЖҮМЫСТАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Жүк көтеру жұмыстарының қауіпсіздігі және аймақты белгілеңіз.

- Мен жабдықты тексеріп, тасымалдау және жүктерді бойынша тасымалдау үшін қажетті дәл таңбаларды растаймын.
- Мен белгіленген сәйкес пайдалануға рұқсат берген жағдайда ғана жұмыс істеймін.
- Мен қорғаныш тасымалдау мен қорғаныш жабдығын қолдануына растаймын және оқшау тұлғаның дұрыс және тұрақты қолдануына растаймын.
- Мен өзімнен жүкте, астық аламын.

ҚАУІПТІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖҮМЫСТЫ ЖҮРГІЗУГЕ НАРҚА-РҰҚСАТ

Жұмысты қолдануға рұқсат бергенде қажетті.

- Нарқаруға қатысты қауіпсіздік және жабдықтың дұрыс және тұрақты қолдануына растаймын.
- Мен жұмысты орындауға уәкілеттімін деп.
- Мен нарқаруға қатысты мақсатты түсінемін.
- Мен түрлендірілуі және анықталуы өмірлік қауіпсіздік факторларын білемін және де жұмысты орындауға бастауға болмайтын растаймын.
- Жағдайлар өзгерген уақытта мен жұмыстарды тоқтатып тұрамын/құтты және анықталу өмірлік қауіпсіздік факторларын білемін.

БИҒІКТЕГІ ЖҮМЫС

Биіктікте жұмыс жасағанда қажетті құралдарды сақтаймын.

- Мен қауіпті аймақта сақталуы тиіс жабдықты тексеремін.
- Мен құрал-саймандар мен жұмыс материалдарын құлау қаупіне жол бермеу үшін оларды бекітіп қоямын.
- Мен арқанмен қорғаныш аймақтан тыс жерге биіктікте жұмыс жасағанда сақталуы тиіс жабдықты бекітіп тұрған тәуір нүктелеріне іліп біктеймін.

БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР:	
2-3 бет	«ҮЗДІК МАМАН – ӨНДІРІС ҚҰАТЫ»
4 бет	ЕҢБЕГІН ЕЛІНЕ АРНАҒАН...
5 бет	СТАРТ ФИНАЛЬНЫХ ИГР СПАРТАКИАДЫ
6-7 бет	СПАРТАКИАДА ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ
8 бет	«ВОДИТЬ АВТОБУС – ОТВЕТСТВЕННОЕ ДЕЛО»
9 бет	ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫС – КӨП ЖЫЛҒЫ ЕҢБЕК ЖЕМИСІ
10 бет	БАЛАЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҚТЫ ШАРАЛАР МЕН СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР ТОПТАСҚАН ДЕМАЛЫСЫ
11 бет	МҰНАЙШЫЛАР КҮНІНЕ ОРАЙ СПОРТТЫҚ САЙЫСТАР БАСТАЛДЫ
12 бет	КОМАНДА ВЕТЕРАНОВ КБМ ПО МИНИ-ФУТБОЛУ В ЧИСЛЕ ЛУЧШИХ



«ҮЗДІК МАМАН – ӨНДІРІС ҚУАТЫ»


Қаражанбаста «Үздік маман – 2023» кәсіби шеберлік байқауының тәжірибе кезеңі жалғасып жатыр. Бұл жолы II вахта мұнайшылары 23 аталым бойынша конкурстың практикалық тапсырмаларын орындап, кәсіби шеберліктерін дәлелдеуге тырысуда.

Өндіріс алаңдарында жеңіске деген ұмтылыс пен бәсекелестік анық байқалады. Қатысушыларға өз қызметі бойынша жөндеу, дәнекерлеу, құрылғыларды орнату, технологиялық есептеулер жүргізу, бұрғылау және

ұңғымаларға күрделі және жерасты жөндеу сияқты тапсырмалар берілді. Үздік атануға үміткер жұмысшылар қауіпсіздік техникасын, жұмыс алгоритмі мен жылдамдықты сақтай отырып, комиссия мүшелерінің оң бағасынан үлесті болды.

«Бұл ең білікті, ең алғыр, ең қырағы жұмысшыларды анықтайтын байқау. Мұнайшылар сайысқа түсу арқылы, өз мүмкіндіктерін көрсетіп, шеберлігін паш етіп жатыр. Жыл сайын нәтиже де жақсарып келеді. Бұл Қаражанбас

жұмысшыларының мықтылығын дәлелдейді», – деді комиссия мүшелері. Осылайша сайысқа қатысушылар байқаудың ең маңызды кезеңдерін сәтті аяқтады. Теория мен тәжірибеден үздік нәтиже көрсеткен мұнайшылар аймақтық кезеңге жолдама алып, ҚБМ намысын қорғайды.



ЕҢБЕГІН ЕЛІНЕ АРНАҒАН...



Өндірістегі мәртебелі мамандығын өмірінің өзегіне айналдырған Қаражанбас жұмысшылары - қызметке адалдық танытып, ел сенімін арқалаған ерен еңбек иелері. Солардың қатарында қазыналы түбектің жер асты байлығын игеріп, саланың қарыштап дамуына үлес қосып келе жатқан Есет Озғанбаев та бар. Бүгін біз сіздерді №1 мұнай өндіру цехы операторының өнегелі еңбек жолымен таныстырамыз.

Кейіпкеріміз Қаражанбаста 27 жылдан бері табан аудармай еңбек етіп келеді. Жылдар бойы жинаған білімі мен тәжірибесі арқасында ол өз ісінің хас шеберіне айналды. Есет Озғанбаев ұңғымалардың үздіксіз жұмысын қадағалап, істен шыққан бөлшектерді ауыстыру, өндірілген сұйықтық көлемі туралы мәліметтерді тіркеу сияқты маңызды жұмыстарға жауапты.

«Біз Қаражанбаста еңбек ете жүріп, кен орнымен бірге дамып келеміз.

Жылдар өткен сайын өндірісте оң өзгерістер байқалып, жұмысымыз алға басуда. Бір шаңырақ астына ісіне адал жұмысшыларды жинаған компаниямыздың болашағы жарқын екеніне кәміл сенемін», – дейді ол.

Есет еңбек ұжымына да сыйлы маман. Әріптестері оның кәсібилігінен бөлек, адами қасиеттерін ерекше құрметтейтінін айтады. Қаражанбас ісі мен сөзі жұптасқан осындай өндіріс озаттарымен қуатты.

СТАРТ ФИНАЛЬНЫХ ИГР СПАРТАКИАДЫ

В Актау состоялось торжественное открытие финальных игр Спартакиады среди работников дочерних зависимых и совместных организаций АО НК «КазМунайГаз». Для участия в соревнованиях прибыли порядка 500 спортсменов, успешно прошедшие зональные и отборочные турниры.

Спартакиада проходит по 11 видам спорта – перетягивание каната, волейбол, мини-футбол, баскетбол, настольный теннис, армреслинг, асык ату, тогыз кумалак, шахматы, плавание и кибер спорт. Согласно расписанию, в первый же день, команды выявляли сильнейших в перетягивании каната.

В свою очередь, атлеты АО «Қаражанбасмұнай» демонстрируют отличную готовность и настроены на победу. Желаем всем участникам удачи и рекордных показателей!



ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

Үздік атануға талпыныс және шынайы эмоциялар. Жеңіс пен жеңіліс дәмі. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) еншілес тәуелді және бірлескен ұйымдары қызметкерлері арасындағы спартакиаданың ақтық сайыстары мәреге жетті. Еліміздің түкпір-түкпірінен 400-ден астам спортшы жиналған дәстүрлі дода биыл «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 60 жылдығына арналды.

10-14 шілде аралығында мұнайшылар арқан тарту, волейбол, шағын футбол, баскетбол, үстел теннисі, қол күрес, асық ату, тоғызқұмалақ, шахмат, жүзу және киберспорттан үздіктерді анықтады. Айта кету керек, барлық жарыстар өте жоғары деңгейде тартысты өтті.

«Дәстүрлі спартакиада бәрімізді біріктіріп, қарым-қатынасымызды нығайта түседі. Біз бір-бірімізді бөліп-жармай, командаларға жанкүйер болдық. Ең бастысы барлығымыз «Біз салауатты өмір салты үшін!» деген ұранды ұстанамыз», – деп атап өтті қатысушылар.

Ақтық сайыстар өте тартысты өтті. Оған жарыс қорытындысы айқын дәлел. Ал, ҚБМ командасының нәтижесі төмендегідей:

№ 3 мұнай өндіру цехының (МӨЦ) операторы Бернұр Ғабдірасылұлы тоғызқұмалақтан II орынға ие болса, МТЖБ инженері Ғани Чалабаев жүзуден III сатыға тұрақтады. № 1 МӨЦ операторы Бейбарыс Мүлкібаев, бұрғылау учаскесінің электрғазбен дәнекерлеушісі Бердіғали Дощанов және № 2 МӨЦ операторы Салтанат Анебаева асық атудан қола жүлдені қанағат тұтты.

Жалпы, жарысқа қатысушылардың барлығы өз компанияларының намысын абыроймен қорғады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубоктармен, медальдармен және дипломдармен марапатталды. Марапаттау рәсімі салтанатты кешкі ас пен концерттік бағдарламаға ұласты.

Спартакиада мәреге жетсе де, мұнайшылар спортты қызметімен қатар алып жүреді. Осылайша олар келер жылы да үздіктер қатарынан көріну үшін жаттығуларын жалғастыра бермек.



«ВОДИТЬ АВТОБУС – ОТВЕТСТВЕННОЕ ДЕЛО»

Нефтяники проводили на заслуженный отдых водителя производственной базы №1 департамента технологического транспорта Киикбая Боранбаева. Коллеги выразили благодарности ветерану отрасли, подчеркнув его профессионализм и весомый вклад в развитие компании.

За 23 года работы Киикбай Боранбаев стал свидетелем множества ярких событий и важных преобразований в жизни Каражанбаса. Многого менялось, но наш герой с большим чувством долга трудился в транспортном звене, зарекомендовав себя грамотным и ответственным работником.

«Водить автобус – это значит нести всю ответственность за людей, которых ты везешь, и полагаться в своей работе ты можешь только на себя, свой опыт и профессиональные навыки. Мои яркие годы жизни прошли здесь, на месторождении, а коллеги давно стали как семья. Поэтому с грустью и теплотой в душе, я сдаю свою крайнюю вахтовую смену», – говорит К. Боранбаев.

Замечательный специалист, наставник и семьянин вступает на новый жизненный этап, где открываются новые, прекрасные пути, появляется время для реализации своих проектов, увлечений, встреч с родными и друзьями.



ҚҰРМЕТТІ ДЕМАЛЫС -



КӨП ЖЫЛҒЫ ЕҢБЕК ЖЕМІСІ

Қаражанбас – білікті мұнайшылар мен кәсіби мамандар ұстаханасы. Мұнда өлке өндірісін өрге сүйреп, өз ісінің майталманы атанған аға буын өнегелі еңбек жолын жас толқынға табыстап, өмірдің жаңа кезеңіне қадам басуда. Бұл жолы компанияда қалыптасқан игі дәстүр бойынша №3 мұнай өндіру цехы (МӨЦ), газ цехы (ГЦ) мен технологиялық көлік департаментінің (ТКД) еңбек ұжымы

зейнеткерлік демалысқа шыққан ардагерлерге адал еңбегі үшін алғыс айтып, қазақы салтпен шапан жапты. Есқуат Кетебаев ҚБМ-дағы еңбек жолын осыдан 10 жыл бұрын №2 МӨЦ-да қатардағы оператор лауазымынан бастады. Кейін ол сорап қондырғыларының машинисі қызметіне ауысып, соңғы жылдары жаңадан ашылған №3 МӨЦ-да табысты еңбек етті. Білікті

маман ісіне адал, тиянақтылық пен жауапкершілікті тең ұстаған жұмысшы.

Ал Демеухан Нысанбаев ТКД-не қарасты №1 гараждың жөндеу-механикалық цехында 12 жыл табан аудармай еңбек етті. Алдымен токарь болып жұмыс істеген ол, кейін құрал-сайманшы қызметіне ауысты. Жұмысшы арнайы техникалар мен көліктерді жөндеу кезінде қажетті құралдарды үлестіріп, саймандардың тазалығы мен талапқа сай болуына жауапты.

Қаражанбасқа өмірінің 25 жылдан астам уақытын арнаған Ахмет Имашев бастапқыда №2 МӨЦ-да оператор болып еңбек етті. Қызметін ГЦ-да жалғастырған машинист газ компрессорлық қондырғыларының жұмысын бес саусағындай білетін кәсіби маман.

Зейнетке шыққан жұмысшылардан әріптестерінің үйренгені мол. Олар жастарға қызметтен бөлек, игі істің жанынан табылып, ел үшін ерінбей еңбек ету керектігін үнемі айтып отырады. Құрметті демалыс алдында ұжым құрметіне бөленген ардагерлер ізбасарларына ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді.



БАЛАЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҚТЫ ШАРАЛАР МЕН СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР ТОПТАСҚАН ДЕМАЛЫСЫ



МҰНАЙШЫЛАР КҮНІНЕ ОРАЙ СПОРТТЫҚ САЙЫСТАР БАСТАЛДЫ

Қаражанбаста мұнай-газ саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай мәдени-спорттық шаралар мен сайыстар басталды. Екі вахта жұмысшылары бір ай көлемінде 9 спорт түрінен сынға түсіп, үздіктерді анықтайды.

І вахта мұнайшылары доданы шахмат тақтасындағы тартыстан бастады. 10-нан астам қатысушы ой ұшқырлығын паш етіп, бәсекеге толы ойын өрнегін көрсетті. Қорытындыға сәйкес, Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімінің аға инженері Олжас Айтжанов қарсыластарынан басым түсіп, жеңімпаз атанды.

Белгіленген кестеге сәйкес, жарыс баскетбол ойындарымен жалғасты. 6 цехтың үмітін арқалаған командалардан жеңіске деген ұмтылыс анық байқалады. Өр кездесу сайын мықтылар сарапталып, ақтық сайыста бу өндіру цехының жігіттері жеңіске жетті.

Спорттық сайыстар арқан тарту, волейбол, кір тасын көтеру, қол күрес, шағын футбол, бильярд пен үстел теннисі ойындарымен жалғасады. Жүзден жүйрік шыққандар мұнайшылар күні қарсаңында марапатталады.



ШІЛДЕ АЙЫНДАҒЫ МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

60 жас

01.07.1963 жыл, Аденов Нұрсұлтан Жекешұлы,
№1 ҰЖКЖЦ басшысының орынбасары

01.07.1963 жыл, Рахманов Сұлтанбек Күзембайұлы,
№5 автотізбек машинисі

03.07.1963 жыл, Оспанов Тұрсынғали Төлеуханұлы,
ПЖИЖЦ құрстырушысы

05.07.1963 жыл, Айдаров Үсен Қосқатбайұлы,
БӨЦ ХСТ аппаратшысы

10.07.1963 жыл, Ерімбетов Жалғас Кенжебайұлы,
№6 автотізбек жүргізушісі

14.07.1963 жыл, Айтымұлы Санат Айтымұлы,
Жөндеу-механикалық цехының слесарі

20.07.1963 жыл, Елубай Аманқос Сыдықұлы,
№4 автотізбек машинисі

20.07.1963 жыл, Илиев Самат,
ГЦ слесарі

30.07.1963 жыл, Шаманов Ермек Жораұлы,
№1 ҰЖКЖЦ көтергіш жүргізушісі



50 жас

03.07.1973 жыл, Дюсембаева Гүлбану Итемгенқызы,
Қазынашылық және корпоративті қаржы бөлімінің бухгалтері

04.07.1973 жыл, Қуанышов Берекет Қойлыбайұлы,
ПЖИЖЦ құрастырушысы

05.07.1973 жыл, Тоқашов Абзал Жеткізгенұлы,
Данекерлеу-монтаждау учаскесінің электргазданекерлеушісі

06.07.1973 жыл, Бижанов Станислав Ескаирович,
ЭЦ электромонтері

08.07.1973 жыл, Ақмұрзин Нұрбол Сарбатырұлы,
№2 ҰЖКЖЦ көтергіш жүргізушісі

12.07.1973 жыл, Тулеев Орынбасар Бимырзаұлы,
БӨЦ ХСТ аппаратшысы

15.07.1973 жыл, Мұратов Амангелді Ыдырысұлы,
№3 автотізбек моторисі

16.07.1973 жыл, Өтеулиев Бауыржан Аманжолұлы,
ГЦ машинисі

16.07.1973 жыл, Шатбаев Қазифолла Аманбекұлы,
Бұрғылау учаскесінің машинисі

КОМАНДА ВЕТЕРАНОВ КБМ ПО МИНИ- ФУТБОЛУ В ЧИСЛЕ ЛУЧШИХ

Команда АО «Қаражанбасмунай» (КБМ) завоевала II место в областной лиге по мини-футболу среди ветеранов. В масштабном турнире, который проходил в течении трех месяцев принимали участие порядка 30 сборных команд.

Каждый гейм проходил в упорной борьбе. Команды демонстрировали мощную готовность и рвение к побе-

де. В результате, оператор цеха добычи нефти №3 Бауржан Нурманов был признан «Лучшим вратарем», а Берик Сыдиқов, инженер базы материально-технического снабжения (г. Актау), – «Лучшим игроком». В общем зачете, команда ветеранов КБМ завоевала серебряную медаль.

Коллектив КБМ поздравляет призеров с отличным результатом!



16.07.1973 жыл, Қабылбаев Азат Камолұлы,
ПЖИЖЦ электргазданекерлеушісі

18.07.1973 жыл, Қарасаев Талғат Әскербайұлы,
№1 МӨЦ операторы

18.07.1973 жыл, Басбай Мұратбек Низамиұлы,
Қабат қысымын ұстау цехының операторы

21.07.1973 жыл, Сапарбаев Әділбек Бақытұлы,
№3 автотізбек моторисі

21.07.1973 жыл, Шолтаманов Сақтаған Жәрдембайұлы,
№2 автотізбек жүргізушісі

24.07.1973 жыл, Еңсегенов Салауат Оңғарбайұлы,
№2 МӨЦ ТҚ операторы

26.07.1973 жыл, Маңғыбаев Адайбек Аманқосұлы,
№1 ҰЖКЖЦ аға диспетчері

27.07.1973 жыл, Нұржігітов Берік Әлімжанұлы,
ҚҚҰЦ шебері

29.07.1973 жыл, Баймағамбетов Мереке Төрешұлы,
№4 автотізбек жүргізушісі

31.07.1973 жыл, Өтебергенев Дәурен Жанмұратұлы,
№1 ҰЖКЖЦ бұрғышы көмекшісі



Құрметті мерейтой иелері!

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.
Еңбекпен мерейіңіз таси берсін,
Артылып абыроймен беделіңіз!



«ҚАРАЖАНБАСМУНАЙ» АҚ
КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ

Шығарушы:

«Қаражанбасмунай» АҚ

Мекен-жайы:

130000 Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 9 «а» шағын аудан,
4 ғимарат

Шығарылымға жауаптылар:

Себасов М.Б. – Әлеуметтік жұмыс
департаменті Директорының орынбасары,
Телефон: 8 (7292) 473871
E-mail: M_Sebasov@kbn.kz

Шаршова Е.А. – баспасөз хатшы
Телефон: 8 (7292) 473002
E-mail: Y_Sharshova@kbn.kz

Түзелбай А.А. – журналист
Телефон: 8 (7292) 473072
E-mail: A_Tuzelbay@kbn.kz

Газет ҚР ИЖДМ 11.12.15 тіркеліп,
№15740-Г куәлігі берілген

Газет ай сайын шығады
Таралымы 500 дана.

Газет «Adver.kz» ЖШС
баспаханасынан шықты.

Мекен-жайы:

130000, Қазақстан Республикасы,
Ақтау қаласы, 3 Б ш/а, 55/7 ғимарат
Тел.: 8 (7292) 507 000
Сайт: www.adver.kz